МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫНЫҢ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ МҰНАЙЛЫ АУДАНЫ БОЙЫНША БІЛІМ БӨЛІМІНІҢ «ШОҒЫ МҰҢАЛҰЛЫ АТЫНДАҒЫ №5 ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕП» КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

«Адал азамат тәрбиелеудегі жауапты ата-ана, қолдаушы ұстаз және қауіпсіз мектеп» тақырыбындағы сыныптың ата-аналар комитетінің I отырысы туралы

ХАТТАМА №_1__

12.09.2025ж.
Қатысқандар саны: 205 адам

Күн тәртібі:
1. Мектеп пен ата-аналар комитетінің бірлескен жұмысын ұйымдастырудың басымдықтары
2. Сынып ата-аналары комитетінің қызметін үйлестірудің ерекшеліктері
3. Сынып ата-аналары комитетінің төрағасы мен алқасын сайлау.

Мақсаты: «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын жүзеге асыру аясында ата-ана мен мектептің өзара ынтымақтастығын нығайту.

МОДЕРАТОР (ДТЖО) Т.А.Бустанова:
Құрметті ата-аналар!
Жаңа 2025–2026 оқу жылында мектебіміздің тәрбие жұмысы «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында жүргізіледі. Бұл бағдарлама оқушының адамгершілік құндылықтарын нығайтып, саналы әрі жауапты азамат ретінде өсіп-жетілуіне жол ашады.
Бүгінгі отырысымыз ортақ мақсатымыз – бала тәрбиесі мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында ата-аналармен бірге жасалатын жұмысты ұйымдастыруға арналады. Осы орайда ата-аналардың бірлесе әрекет етуі маңызды.Сынып ата-аналарын бір арнаға тоғыстыратын бірнеше маңызды себеп бар. Ең әуелі – балаларыңыздың бір сыныпта оқуы, күн сайын бір ортада тәрбиеленіп, бірге өсіп келе жатқаны сіздерді де жақындастырады. Алайда, бәрінен де маңыздысы, сіздерді біріктіретін – балаға лайықты тәрбие мен сапалы білім беру ниеті. Осы ортақ мақсат бізді бір-бірімізге серік, пікірлес, жанашыр болуға жетелейді. Сондықтан, ата-аналар тек жиналысқа қатысып қана қоймай, бір-бірімен тығыз байланыста болып, бала тәрбиесіне қатысты ойларымен бөлісіп, мектеп ұжымының бастамаларына белсене қолдау білдірсе дейміз.Отырысымыздың негізгі күн тәртібіне көшейік. Алғашқы сөз мектеп директорына беріледі.

ТЫҢДАЛДЫ

Мектеп директоры Ж.С.Бөкен - Ата-аналар комитеті – мектеп пен ата-ана арасындағы алтын көпір. Биылдан бастап комитет жұмысы трансформацияланып, ата-аналар тек көмекші емес, мектеп өмірінің белсенді бастамашысына айналады. Бұл – баланың жан-жақты дамуына ықпал етіп, мектеп өміріне ата-аналарды шынайы серіктес ретінде тартудың тәсілі.
Комитет мүшелері мектептің тәрбиелік іс-шараларына ат салысып, маңызды мәселелерді бірге талқылайды: балалардың қауіпсіздігі, сынып ішіндегі ахуал,

мектеп формасының сақталуы, тамақтану, экскурсиялар мен мерекелік шаралар. Ата-аналар комиеті жыл бойы сынып жетекшісімен тығыз байланыста болып, ата-аналар атынан ұсыныстар айтып, бірлесе жұмыс атқарады деп сенеміз.Баланың үлгерімі мен тәртібі отбасындағы талапқа да байланысты: ата-ана үй тапсырмасын бақылап, мұғаліммен байланыста болып, жазалаудан гөрі бағыт беріп, жетістігін мадақтаса – жауапкершілігі мен оқуға қызығушылығы күшейеді.

Жаңа оқу жылында «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында мектебімізде Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы өз жұмысын жалғастырады. Бұл орталық ата-аналар мен мектеп арасындағы тығыз ынтымақтастықты дамытуға, бала тәрбиесіне қатысты өзекті мәселелерді бірге шешуге бағытталған. Бұл орталық сіздерге әрдайым көмектесуге дайын.Орталықпен қатар «Даналық мектебі» ата-аналар клубы да жүйелі жұмыс атқаруда. Ай сайын ата-аналар үшін бала тәрбиесіне байланысты маңызды тақырыптарда тәрбиелік сабақтар, тренингтер, кездесулер өткізіліп, жеке және топтық кеңес беру қызметтері ұсынылады.«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында ата-ана мен мектеп арасындағы ынтымақтастықты күшейту мақсатында осы оқу жылында тәрбиелік бағыттағы іс-шаралар өткізу жоспарланып отыр. Атап айтқанда: (мектепте жоспарланған шаралар айтылуы тиіс, мәселен «Отбасы – тәрбиенің алтын бесігі» атты челленджі, Отбасы күніне арналған «Отбасылық дәстүрлер» апталығы, сондай-ақ «Бала тәрбиесіндегі әкенің рөлі» және «Атадан - өсиет, анадан – қасиет» тақырыбындағы шеберлік сағаттары ұйымдастырылады). Бұл шаралар отбасының тәрбиелік әлеуетін арттыруға және ата-аналардың бала тәрбиесіне белсенді қатысуына мүмкіндік береді. Баршаңызды жаңа оқу жылының басталуымен құттықтаймын! Жаңа оқу жылында жаңа табыстарға жетіп, балаларымыздың жетістіктеріне бірге куә болайық!

МОДЕРАТОР (ДТЖО) Т.Бустанова:

Олай болса, күн тәртібіндегі екінші мәселеге көшейік.

Ата-аналар комитетінің алғашқы отырысында бала тәрбиесі мен қауіпсіздігіне қатысты бірқатар маңызды тақырыптарға тоқталуды жөн деп санаймын.Бірінші, ысырапшылдық пен орынсыз бәсекелестікке қатысты.Ата-аналардың балаға қымбат телефон, қажетсіз артық ақша беруі, сәнді мейрамханаларда шаралар өткізуі – тәрбиеде жиі кездесетін келеңсіз жағдайлар. Мектепте ақша жинауға жол берілмейді, ал ата-аналар ысырапшылдыққа жол бермеуі тиіс. Мектеп бітіру кештері мен балаларға арналған мерекелерден кейінгі қымбат отырыстар ұйымдастыруға рұқсат жоқ, және ата-аналар комитеті осы мәселелердің алдын алу үшін белсенді әрекет етуі қажет.Мұндай орынсыз мақтан мен ысырапшылдықтан арылып, ата-аналар комитеті мектептегі ақша жинау, ысырапшылдыққа жол беру сияқты бастамаларды түп-тамырымен жоюға тікелей атсалысуы қажет. Ата-аналар комитеті чатында тек оқу мен тәрбиеге қатысты мәселелер көтеріліп, ұстаздарға деген құрмет пен позитивті көзқарас сақталуы маңызды. Туындаған жекелеген сұрақтарды ортақ чатта емес, сынып жетекшімен жеке байланыс арқылы шешілуі тиіс. Екінші, ата-ананың жауапкершілігі жөнінде.ҚР «Неке және отбасы туралы» кодексіне сәйкес, әр ата-ана баласының денсаулығы, тәрбиесі, қауіпсіздігі мен білім алуына толық жауапты. Бұл міндет орындалмаса, ата-ана әкімшілік жауапкершілікке

тартылады. Кәмелетке толмаған баланың түнде үлкендердің қарауынсыз жүруі айыппұл мен материалдық жауапкершілікке әкеледі. Ата-ана – тек асыраушы емес, баласына бағыт беретін, болашағына жауапты тұлға.Әкелердің ата-аналар комитетінің жұмысына белсене араласуы – баланың оқуындағы жетістігі мен тәрбиесіне тікелей оң әсер етеді. Біз сыныпта да, мектепте де ата-аналар комитетінің қатарында әкелерді көргіміз келеді, өйткені әке тәрбиесі – баланың тұлғалық дамуы мен өмірлік ұстанымдарының қалыптасуында ерекше рөл атқарады.Үшінші, мектеп формасына қойылатын талаптың сақталуы маңызды.Мектеп формасы – тәртіп пен ұқыптылықты айқындайтын, оқушының назарын сабаққа шоғырландыратын, әлеуметтік теңдікті сақтайтын, мәдениетті қалыптастыратын белгі. Ата-ана баланың таза, ұқыпты формада келуін қадағалап, ұлттық нақыштағы киімге қолдау көрсетуі жас ұрпақтың дәстүрге құрметін арттырады. Төртінші, ата-аналар тарапынан балаларды педагогикалық қолдау.PIRLS 2021 халықаралық зерттеуінің нәтижесі ата-ананың кітап оқуға деген қызығушылығы баланың оқу үлгеріміне тікелей әсер ететінін дәлелдеп отыр. Кітапты жақсы көретін ата-ананың баласы орта есеппен 524 балл жинаса, оған мән бермейтін ата-аналардың балалары 478 баллмен шектелген. Демек, ата-ананың кітап оқуға ынтасы – баланың білімге құштарлығының қайнар көзі. Бесінші, бала қауіпсіздігі ата-ананың жауапкершілігінен басталады.Бала тәрбиесіндегі ең өзекті мәселелердің бірі – оның қауіпсіздігі. Бұл – ата-ана мен мектептің бірлескен жауапкершілігі. Мектеп оқушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында апта сайын сынып сағаттарында «Қауіпсіздік сабағын» өткізеді. Бұл сабақтарда балаларға күнделікті өмірде кездесетін түрлі қауіптердің алдын алу жолдары үйретіледі. Алайда мұндай түсіндіру жұмыстары тек мектеппен шектелмеуі керек. Ата-ана балаға көшеде жүрудің қарапайым

ережелерін үйретіп, өзі де үлгі болуы тиіс. Бұл – бала өміріне жауапкершілікпен қараудың қарапайым әрі тиімді тәсілі.Егер шұғыл жағдай болса – 111 балаларға арналған сенім телефонына хабарласыңыз. Балаға дер кезінде көңіл бөлмеу мен үнсіз қалу – оны түсінбеуге, сізді балаңыздан алыстатуға әкелуі мүмкін.Алтыншы, буллингтің алдын алу және мұндай жағдайда балаға қолдау көрсету.

Модератор Мектеп психологы А.Смадияр:

-Қазіргі уақытта білім беру ұйымдарында балалар арасындағы буллинг әлеуметтік мәселе болып отыр. Ата-аналар баланың мінез-құлқындағы өзгерістерге, мектепке барудан бас тартуына, тұйықталуына және үрейлі күйге түсуіне ерекше назар аударуы тиіс. Осы мәселенің алдын алу мақсатында мектебімізде«ДОСБОЛІКЕ» бағдарламасы іске асырылуда. Ата-аналардың осы бағдарламаға белсенді қатысуы – баласының қауіпсіз ортада тәрбиеленуіне қосқан үлесі.

Құрметті ата-аналар, үйде күнделікті балаға уақыт бөліп, қолдау көрсетіп, жылы сөздеріңізді арнап отыру маңызды!

Бүгінде балалардың психикалық және физикалық денсаулығына кері әсер ететін құбылыстар жиілеп отыр: созылмалы шаршау, ұйқының бұзылуы, гаджетке және компьютерлік ойындарға (лудомания) тәуелділік, эмоциялық тұрақсыздық. Мұндай мәселелер көбіне ересектердің бақылауының әлсіреуінен, баланың бос уақытының дұрыс ұйымдастырылмауынан және

эмоциялық күйзелістен туындайды. Алдын алу үшін ата-ана баласының ортасы мен қызығушылықтарын бақылауда ұстап, мектеп, медициналық ұйымдар және қоғаммен бірлесе әрекет етуі қажет. Сондай-ақ, дұрыс тамақтану мәдениетін қалыптастырып, фаст-фуд пен тәтті сусындардан гөрі пайдалы тағамдарға басымдық беру семіздік пен созылмалы аурулардың алдын алады.

Модератор Педагог ұйымдастырушы Б.Лепесова:

Құрметті ата-аналар, бүгін сыныптың ата-аналар комитетінің төрағасын сайлау және комитет мүшелерін таныстыру мәселесіне көшуді ұсынамын.Төраға лауазымына өз кандидатурасын ұсынғысы келетіндер бар ма?

Ұсыныстар тыңдалады.

Қатысып отырғандар арасынан төраға лауазымына тағы кандидатура ұсынатындар бар ма?

Ұсыныстар тыңдалады, талқыланады.

Олай болса, Сіздердің қарауыңызға төраға және комитет мүшелігіне келесі кандидаттар ұсынылады: Одан кейін дауыс беру жүргізіліп, дауыстар саны есептеледі, нәтижесі тіркеледі. Төраға мен комитет мүшелері сайланған соң, ата-аналарға ресми түрде таныстырылады.

Келесі сөз кезегін Ата-аналар комитетінің жаңадан сайланған төрағасына беремін. Ата-аналар комитетінің төрағасы М.Карджанова, өз сөзінде комитеттің жоспарын айтып, ата-аналарды қолдауға шақырады. М.Карджанова өз жұмыстарын сынып жетекшісімен ақылдаса отырып іске асыратындығын айтады.

МОДЕРАТОР (ДТЖО) Т.А.Бустанова:

Бүгінгі отырысымызға қатысқандарыңыз үшін барлығыңызға алғыс білдіремін!

ШЕШІМ

1.Мектеп пен ата-аналар комитетінің бірлескен жұмысы жүйелі ұйымдастырылсын.

2. Сынып ата-аналары комитетінің қызметін үйлестіру жолға қойылсын.

3. Сынып ата-аналары комитетінің төрағасы болып М.Карджанова тағайындалсын.

Төраға **Ж.С.Бөкен**

Хатшы **Т.А. Бустанова**

МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫНЫҢ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ МҰНАЙЛЫ АУДАНЫ БОЙЫНША БІЛІМ БӨЛІМІНІҢ «ШОҒЫ МҰҢАЛҰЛЫ АТЫНДАҒЫ №5 ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕП» КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

«Мектеп пен отбасы – баланың дамуы мен тәрбиесіндегі негізгі серіктестер» тақырыбында өткен ата-аналарға арналған кездесу қорытынды

ХАТТАМАСЫ №_2____

19.09.2025ж. Маңғыстау ауылы

Қатысқандар саны: 256 адам

Күн тәртібі:

«Мектеп пен отбасы – баланың дамуы мен тәрбиесіндегі негізгі серіктестер» тақырыбында өткен ата-аналарға арналған кездесу қорытындысы туралы

«Мектеп пен отбасы – баланың дамуы мен тәрбиесіндегі негізгі серіктестер» тақырыбында өткен ата-аналарға арналған кездесу екі кезеңнен тұрды. Әр кезең ата-аналар мен мектеп арасындағы ынтымақтастықты күшейтуге бағытталып, баланың дамуы мен тәрбиесіне байланысты маңызды аспектілерді қамтыды. Кездесуге 198 ата-ана, 58 сынып жетекші қатысты.

І кезең: «Мектеп пен отбасы – баланың дамуы мен тәрбиесіндегі негізгі серіктестер» тақырыбында ата-аналармен еркін тақырыптағы кездесу Бұл бөлімде ата-аналарға мектеп пен отбасының бірлесіп жұмыс істеуінің маңыздылығы теориялық тұрғыдан түсіндірілді.

1. **Тақырыптық дәрістер мен баяндамалар**: Мектеп басшылары мен психологтар бала тәрбиесінде ата-ана мен мұғалімнің рөлін егжей-тегжейлі талдап, баланың дамуына қажетті орта құрудың маңыздылығын айтты.
2. **Педагогикалық тәжірибе**: Ата-аналарға педагогикалық тәжірибелер мен зерттеулердің нәтижелері ұсынылып, мектеп пен отбасының баланың оқу процесіне бірге қатысуы қаншалықты маңызды екендігі дәлелдермен көрсетілді.
3. **Жасөспірімдердегі ұйқы: Оқуға және мінез-құлыққа әсері.** Ата-аналардың ұйқыға жауапкершілікпен қарауы жасөспірімнің денсаулығын және психикалық саулығын сақтау факторы ретінде қарастыру керектігі айтылып, ата-аналардың жасөспірімнің ұйқы сапасын жақсарту үшін қолайлы жағдайлар жасауға ынталандыру сынды кеңестер берілді.
4. **Топтық тренингтер**: Ата-аналар шағын топтарға бөлініп, мектеппен бірлесіп әрекет етудің үлгісін көрсетті. Әр топ түрлі тәрбиелік мәселелерді талқылап, шешу жолдарын ұсынды.
5. **Сұрақ-жауап сессиясы**: Ата-аналар өздерін қызықтырған сұрақтарын қойып, мектеп басшылары мен педагогтардан нақты жауаптар алды. Бұл

сессия ата-аналар мен мұғалімдер арасындағы сенімділік пен ашықтықты күшейтті.

II кезең: Сынып жетекшімен жеке сұхбат

Бұл кезеңде әр ата-ана сынып жетекшісімен жеке сұхбатқа шақырылып,баланың оқу үлгерімі, тәртібі, мектептегі қарым-қатынасын талқылауға мүмкіндік алды.

1. **Жеке пікір алмасу**: Сынып жетекші әр ата-анаға баласының жеке ерекшеліктері мен даму үрдістері туралы ақпарат беріп, оқу үлгеріміндегі жетістіктері мен кемшіліктерін талдады.
2. **Ата-анаға ұсыныстар**: Мұғалім ата-анаға баланы қолдаудың тиімді жолдары туралы кеңестер беріп, оның мектептегі оқу процесін жақсартуға арналған ұсыныстар жасады.
3. **Мақсаттарды анықтау**: Әр ата-ана мен мұғалім баланың болашақ дамуына арналған нақты мақсаттар мен жоспарлар құрып, осы мақсаттарға қол жеткізу үшін бірігіп жұмыс істеуге келісті.
4. **Ата-ананың кері байланысы**: Ата-аналар өз баласының мектептегі мінез-құлқы немесе оқуындағы мәселелер туралы сынып жетекшіге сұрақтарын қойып, оларды шешу жолдарын бірге қарастырды.

Қорытынды

Екі кезеңнен тұрған бұл кездесу ата-аналар мен мектеп арасындағы қарым-қатынасты нығайтуға бағытталып, бала тәрбиесінде серіктестіктің маңыздылығын тағы бір мәрте дәлелдеді. Ата-аналарға берілген теориялық білім мен практикалық жаттығулар баланың жан-жақты дамуына ықпал ететін бірлескен іс-қимылдардың қажеттілігін терең түсінуге көмектесті.

ШЕШІМ

1.Мектеп пен отбасының байланысын нығайту:Ата-аналар мен мұғалімдер арасында тұрақты түрде байланыс орнатып, ай сайын АПҚО сабақтарын сапалы өткізілсін.

2.Психологиялық көмек: Ата-аналарға бала тәрбиесінде психологиялық көмек көрсету үшін мектеп психологымен жеке кеңестер жүргізілсін.

Төраға **Ж. Бөкен**

Хатшы **Т.Бустанова**

МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫНЫҢ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ МҰНАЙЛЫ АУДАНЫ БОЙЫНША БІЛІМ БӨЛІМІНІҢ «ШОҒЫ МҰҢАЛҰЛЫ АТЫНДАҒЫ №5 ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕП» КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

ХАТТАМА № 3

10.10.2025ж. Маңғыстау ауылы

«Жасөспірімдер арасында құқықбұзушылықтың, киберқауіпсіздіктің алдын алу» тақырыбындағы ата-аналар жиналысы

Жиналыс төрағасы мектеп директоры: Ж. Бөкен

Қатысқандар:

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары: Т.Бустанова, Г.Рахметова;
Директордың оқу жұмысы жөніндегі орынбасары: А.А.Исмагулова;
Педагог-психолог: А.Смадияр;
Информатика пәні мұғалімі: Ж.Осман
Сынып жетекші: 61;
Ата-аналар: 298.

КҮН ТӘРТІБІ

1. Жасөспірімдердің әлеуметтік желідегі қауіпсіздігі

Мектеп психологы А.Смадияр

2. Ата-аналарға балаларының интернетті пайдалануды шектеу және зиянды мазмұнға кіруді болдырмау үшін арнайы фильтрлерді орнату жолдары

Информатика пәні мұғалімі Ж.Осман

3.Оқушылар бойына құндылықтарды қалыптастыра отырып, білім сапасын арттыру

Директордың оқу жұмысы жөніндегі орынбасары

А.А.Исмагулова

ТЫҢДАЛДЫ

Жиналысты мектеп директоры Ж.Бөкен ашып, жиналыстың негізгі мақсатын атап өтіп, бала қауіпсіздігінің маңызды екенін айтты. Ата-аналардың балаларының қауіпсіздігін қамтамасыз етуде белсенді болуы қажеттігін ескерді. Ол жасөспірімдердің әлеуметтік желілердегі қауіпсіздігін қамтамасыз ету ата-аналар мен мұғалімдердің басты міндеті екенін атап өтті. Заманауи қоғамда әлеуметтік желілердің рөлі күшейген сайын балаларды киберқауіптерден қорғау маңызды екеніне назар аударды.

Оқушылардың әлеуметтік желілердегі қауіпсіздігін қамтамасыз ету ата-аналар мен сынып жетекшілерге жүктелсін

ТЫҢДАЛДЫ

1. Педагог-психолог А.Смадияр "Жасөспірімдердің әлеуметтік желідегі қауіпсіздігі" тақырыбында баяндама жасады. Баяндаманың негізгі бөлімдері келесі мәселелерді қамтыды:

- Кибербуллинг: Интернеттегі қорлаулардың балаларға психологиялық әсері. Ата-аналардың кибербуллингке қарсы іс-қимыл жасау жолдары және балаларға қолдау көрсету.
- Жеке мәліметтердің құпиялылығы: Әлеуметтік желілерде жеке ақпараттарды жария етпеу туралы нұсқаулар. Балалардың жеке деректерінің таралуына жол бермеу үшін қауіпсіздік параметрлерін дұрыс орнату.
- Теріс контент: Жасөспірімдердің агрессивті, зорлық-зомбылық немесе ересек мазмұндағы материалдарға қол жеткізуден қорғау жолдары.
- Бейтаныс адамдармен байланыс: Жасөспірімдерді әлеуметтік желілерде бейтаныс адамдармен сөйлесу қаупі туралы ескерту және ата-аналарға балалардың достарын бақылап отыру қажеттілігі.
- Сандық сауаттылық: Әлеуметтік желілерді дұрыс пайдалануды үйрету, интернеттегі қауіпті әрекеттерден аулақ болу және балаларды онлайн әлемде жауапкершілікке тәрбиелеу.

ШЕШІМ ЕТТІ:

Мектеп пен ата-аналар арасында жасөспірімдердің интернет белсенділігін бақылау үшін бірлесе жұмыс жасауы күшейтілсін.

ТЫҢДАЛДЫ

1. Информатика пәні мұғалімі Ж.Османның сөзі:

Ата-аналарға балаларының интернетті пайдалануды шектеу және зиянды мазмұнға кіруді болдырмау үшін арнайы фильтрлерді орнату жолдарын көрсетіп өтті. Оқушылар қауіпсіздігін мектеп пен ата-ана тығыз байланыста болып, смартфондарын бақылауын ұсынды.

ШЕШІМ ЕТТІ:

Киберқауіпсіздік туралы ақпараттандыру жұмыстары кеңейтілсін.

ТЫҢДАЛДЫ

1. Директордың оқу жұмысы жөніндегі орынбасары А.А.Исмагуловананың баяндамасының тақырыбы: **Оқушылар бойына құндылықтарды қалыптастыра отырып, білім сапасын арттыру**

Мақсаты:

Оқушылардың бойында ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды қалыптастыру арқылы олардың оқу мотивациясын, жауапкершілігін, өзіндік көзқарасын және білім сапасын арттыруға бағытталған үйлесімді білім беру-тәрбие процесін ұйымдастыру.

2024-2025 оқу жылғы білім сапасы осындай көрсеткішті көрсетіп отыр. Ал биылғы 2025-2026 оқу жылына қойып отырған межеміз - **53** $_0/^0$.Осындай көрсеткіш көрсетеміз деген үмітіміз бар. Сол межеге жетуге жұмыстану үстіндеміз. Барша әріптестеріме сәттілік!

ШЕШІМ ЕТТІ

Оқушылар бойына құндылықтарды қалыптастыра отырып, білім сапасын арттыру күшейтілсін. Сынып жетекшілер сыныбының білім сапа көрсеткішін басты назарда ұстасын.

ТЫҢДАЛДЫ

2. Педагог-психолог А.Смадияр "Жасөспірімдердің әлеуметтік желідегі қауіпсіздігі" тақырыбында баяндама жасады. Баяндаманың негізгі бөлімдері келесі мәселелерді қамтыды:

- Кибербуллинг: Интернеттегі қорлаулардың балаларға психологиялық әсері. Ата-аналардың кибербуллингке қарсы іс-қимыл жасау жолдары және балаларға қолдау көрсету.
- Жеке мәліметтердің құпиялылығы: Әлеуметтік желілерде жеке ақпараттарды жария етпеу туралы нұсқаулар. Балалардың жеке деректерінің таралуына жол бермеу үшін қауіпсіздік параметрлерін дұрыс орнату.
- Теріс контент: Жасөспірімдердің агрессивті, зорлық-зомбылық немесе ересек мазмұндағы материалдарға қол жеткізуден қорғау жолдары.
- Бейтаныс адамдармен байланыс: Жасөспірімдерді әлеуметтік желілерде бейтаныс адамдармен сөйлесу қаупі туралы ескерту және ата-аналарға балалардың достарын бақылап отыру қажеттілігі.
- Сандық сауаттылық: Әлеуметтік желілерді дұрыс пайдалануды үйрету, интернеттегі қауіпті әрекеттерден аулақ болу және балаларды онлайн әлемде жауапкершілікке тәрбиелеу.

ШЕШІМ ЕТТІ:

Мектеп пен ата-аналар арасында жасөспірімдердің интернет белсенділігін бақылау үшін бірлесе жұмыс жасауы күшейтілсін.

ТЫҢДАЛДЫ

3. Информатика пәні мұғалімі Ж.Османның сөзі: Ата-аналарға балаларының интернетті пайдалануды шектеу және зиянды мазмұнға кіруді болдырмау үшін арнайы фильтрлерді орнату жолдарын көрсетіп өтті. Балалар арасында интернетті ұзақ уақыт қолдануға байланысты тәуелділік, психикалық шаршау, ұйқының бұзылуы, агрессияның артуы сияқты жағымсыз әсерлер сияқты белгілер байқалады. Телефон мен планшетке қойылатын фильтрлер:

- Google Family Link

- Apple Screen Time
- Kaspersky Safe Kids
- Qustodio
- SafeDNS

Бұл фильтрлер интернетті шектеу жолдары. Бала қауіпсіздігі үшін ата-аналар осы фильтрлерді баласының ұялы телефондарына орнатса жақсы. Әлеуметтік желілердегі қауіпті челленджердің зиянды екенін ескертілді. Оқушылар қауіпсіздігін мектеп пен ата-ана тығыз байланыста болып, смартфондарын бақылауын ұсынды. Мектеппен байланысты күшейтіп, интернеттегі күмәнді жағдайларды дер кезінде хабарлау керек.

ШЕШІМ ЕТТІ:

Киберқауіпсіздік туралы ақпараттандыру жұмыстары кеңейтілсін.

Төраға: **Ж. Бөкен**

Хатшы: **Т.Бустанова**

МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫНЫҢ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ МҰНАЙЛЫ АУДАНЫ БОЙЫНША БІЛІМ БӨЛІМІНІҢ «ШОҒЫ МҰҢАЛҰЛЫ АТЫНДАҒЫ №5 ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕП» КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

«Бала тәрбиесі –жүрек пен жауапкершілікті талап ететін ортақ жол»
тақырыбында ата-аналар жиналысының

ХАТТАМАСЫ № 4

14.01.2026 ж. Маңғыстау ауылы

Жиналыс төрағасы мектеп директоры: Ж. С. Бөкен
Қатысқандар:
Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары: Т.А.Бустанова
Директордың оқу жұмысы жөніндегі орынбасары: А.А.Исмагулова
ЮПТ КТІЖ УПИ полиция капитаны, мектеп инспекторы Е.Б.Саметов
Мектеп ата-аналары мен сынып жетекшілер

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Оқушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету (жол қауіпсіздігі, интернет қауіпсіздігі, тұрмыстық қауіпсіздік)

ДТЖО: Т.А.Бустанова

2. Білім сапасы мен оқу үлгерімі: мәселелер және оларды шешу жолдары

ДОЖО: А.А.Исмагулова

3. Құқықбұзушылықтың алдын алу және тәртіпті сақтау

ЮПТ КТІЖ УПИ полиция капитаны, мектеп инспекторы Е.Б.Саметов

ТЫҢДАЛДЫ:

Жиналысты мектеп директоры Ж.Бөкен ашып, жиналыстың негізгі мақсатын атап өтіп, бала қауіпсіздігінің маңызды екенін айтты.
Құрметті ата-аналар!
Сіздерді бүгінгі ата-аналар жиналысында көргеніме қуаныштымын. Уақыт бөліп, бала тәрбиесіне бейжай қарамай келгендеріңіз үшін алғыс айтамын. Мектеп пен ата-ана арасындағы тығыз байланыс – бала жетістігінің басты кепілі. Біздің ортақ мақсатымыз – сапалы білім алып қана қоймай, тәрбиелі, жауапкершілікті, елін сүйетін, заңды құрметтейтін тұлға тәрбиелеу. Бұл жолда мектеп өз міндетін атқарып келеді, алайда ата-ананың қолдауы мен ынтымақтастығысыз бұл мақсатқа жету мүмкін емес.

Бүгінгі таңда білім сапасын арттыру, тәртіп пен қауіпсіздікті сақтау, оқушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру мәселелері өзекті болып отыр. Осы бағытта ата-аналардың баласының оқу үлгерімін, сабаққа қатысуын, мінез-құлқын тұрақты бақылауда ұстауы аса маңызды. Біз әрқашан сіздермен ашық диалогқа дайынбыз. Ұсыныс-пікірлеріңізді тыңдап, бірлесе шешім қабылдауға мүдделіміз. Тек бірлескен жұмыс арқылы ғана балаға қолайлы, қауіпсіз әрі нәтижелі білім беру ортасын қалыптастыра аламыз.

1-мәселе бойынша, директордың тәрбие жөніндегі орынбасары Т.А.Бустанованың баяндамасы: Бала тәрбиесі – тек мектептің немесе ата-ананың ғана емес, екеуінің бірлескен жауапкершілігі. Өйткені бала мінезі, көзқарасы мен құндылықтары ең алдымен отбасында қалыптасып, мектепте дамып, қоғамда шыңдалады. Отбасындағы мейірім, түсіністік пен дұрыс тәрбие – баланың рухани саулығының негізі. Ал мектеп – сол тәрбиені жүйелеп,баланың білімін, тәртібін және азаматтық ұстанымын қалыптастыратын орта. Осы екі орта өзара үйлесім тапқанда ғана бала толыққанды дамиды. Қазіргі таңда бала тәрбиесінде мына мәселелер ерекше назарды талап етеді:баланың қауіпсіздігі (жолда, мектепте, интернет кеңістігінде);оқу үлгерімі мен жауапкершілігін арттыру; құқықбұзушылықтың алдын алу, жағымсыз әдеттерден сақтау; балаға үлгі болу, уақытылы қолдау көрсету. Ата-ананың балаға бөлген уақыты, жылы сөзі мен дұрыс бағыт-бағдары оның болашағына тікелей әсер етеді. Ал мектеп пен ата-ана арасындағы тұрақты байланыс – баланың табысты дамуының кепілі.

Қорытындылай келе, бала тәрбиесі – жүрек жылуын, сабыр мен жауапкершілікті талап ететін ортақ жол. Осы жолда ата-ана мен мектеп бір мақсатта, бір бағытта әрекет еткенде ғана тәрбиелі, білімді, саналы ұрпақ қалыптасады.

Шешім: Оқушылардың қауіпсіздігі бойынша және олардың тәлім-тәрбиесі туралы сынып жетекшілер ата-аналарға тұрақты түрде түсіндіру жұмыстарын жүргізсін.

2-мәселе бойынша, директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары А.А.Исмагулова оқушылардың оқу үлгерімі, сабаққа қатысуы, үй тапсырмасының орындалуы туралы ақпарат беріп, үлгерімі төмен оқушылармен жүргізіліп жатқан жұмыстарды таныстырды. Өткен оқу жылының білім сапасымен салыстырып, білім сапасының көрсеткіштерін көрсетті. Білім сапасы – білім алушылардың оқу бағдарламасын меңгеру деңгейін, білім, білік, дағдысының қалыптасуын және оны өмірде қолдана алу қабілетін көрсететін негізгі көрсеткіштердің бірі.Білім сапасын арттыру мақсатында мектепте жүйелі түрде оқу үлгерімі мен білім сапасына мониторинг жүргізіледі. Мониторинг нәтижелері оқушылардың пәндер бойынша білім деңгейін, оқу жетістіктеріндегі оң динамиканы немесе кездесетін қиындықтарды анықтауға мүмкіндік береді.

Шоғы Мұқалұлы атындағы №5 жалпы білім беретін мектептің 2024 - 2025 оқу жылының жылдық үлгерім есебі

сынып	оқыту тілі	барлығы	үлгереді	үлгермейді	"5"	"4 және 5"	үлгерім %	сапа %
1 класс	каз	208	208				100,00%	
2 класс	каз	215	215		45	65	100,00%	51,16%
3 класс	каз	211	211		37	82	100,00%	56,40%
4 класс	каз	230	230		40	91	100,00%	56,96%
1-4 класс	каз	864	864	0	122	238	100,00%	54,80%
5 класс	каз	235	235		40	78	100,00%	50,21%
6 класс	каз	198	198		27	82	100,00%	55,05%
7 класс	каз	242	242		27	78	100,00%	43,39%
8 класс	каз	184	184		15	63	100,00%	42,39%
9 класс	каз	192	192		16	64	100,00%	41,67%
5-9 класс	каз	1051	1051	0	125	365	100,00%	46,6%
10 класс	каз	124	124		17	46	100,00%	50,81%
11 класс	каз	126	126		16	35	100,00%	40,48%
12 класс								
10-12 кл	каз	250	250	0	33	81	100,00%	45,6%
1-12 клас	каз	2165	2165	0	280	684	100,00%	49,2%

салыстыру

сынып	сапа % 2025-2026	сапа % 2024-2025	динамика
1 класс			
2 класс	44,19%	51,16%	-6,97
3 класс	51,87%	56,40%	-4,53
4 класс	48,69%	56,96%	-8,27
1-4 классы	48,40%	54,80%	-6,4
5 класс	45,50%	50,21%	-4,71
6 класс	43,16%	55,05%	-11,89
7 класс	43,68%	43,39%	0,29
8 класс	36,59%	42,39%	-5,8
9 класс	39,75%	41,67%	-1,92
5-9 классы	41,8%	46,6%	-4,8
10 класс	47,10%	50,81%	-3,71
11 класс	43,81%	40,48%	3,33
12 класс			
10-12 классы	45,7%	45,6%	0,1
1-12 классы	44,4%	49,2%	-4,8

Шоғы Мұқалұлы атындағы №5 жалпы білім беретін мектептің 2025 - 2026 оқу жылының I тоқсан үлгерім есебі

сынып	оқыту тілі	барлығы	үлгереді	үлгермейді	"5"	"4 және 5"	үлгерім %	сапа %
1 класс	каз	186	186				100,00%	
2 класс	каз	172	172	1	30	46	100,00%	44,19%
3 класс	каз	187	187		37	60	100,00%	51,87%
4 класс	каз	191	191	1	31	62	100,00%	48,69%
1-4 класс	каз	736	736	2	98	168	100,00%	48,40%
5 класс	каз	211	211	2	33	63	100,00%	45,50%
6 класс	каз	190	190	2	22	60	100,00%	43,16%
7 класс	каз	174	174	1	25	51	100,00%	43,68%
8 класс	каз	205	205	4	22	53	100,00%	36,59%
9 класс	каз	161	161	1	18	46	100,00%	39,75%
5-9 класс	каз	941	941	10	120	273	98,90%	41,8%
10 класс	каз	116	116		16	39	100,00%	47,41%
11 класс	каз	105	105	5	16	30	100,00%	43,81%
12 класс	каз							
10-12 кл	каз	221	221	5	32	69	100,00%	45,7%
1-12 клас	каз	1898	1898	17	250	510	99,00%	44,4%

Қорытындылай келе, білім сапасын арттыру – мектеп, мұғалім, оқушы және ата-ана арасындағы бірлескен, үздіксіз жұмыстың нәтижесі болып табылады.

Шешім: Үлгерімі төмен оқушылармен жеке жұмыс жоспары жасалып, ата-аналармен бірлесіп бақылау күшейтілсін.

3-мәселе бойынша, ЮПТ КТІЖ УПИ полиция капитаны, мектеп инспекторы Е.Б.Саметов құқықбұзушылықтың алдын алу, буллинг пен кибербуллингтің алдын алу, ата-аналардың жауапкершілігі және бала тәрбиесіндегі бірізді талаптардың маңыздылығы туралы өз ойын айтты.

Құрметті ата-аналар!
Бүгінгі жиналысқа уақыт бөліп келгендеріңізге алғысымды білдіремін. Бала тәрбиесі – тек мектептің ғана емес, ең алдымен отбасы мен қоғамның ортақ жауапкершілігі. Осы орайда сіздермен бірлесе жұмыс істеу – біздің басты мақсатымыз.

Қазіргі таңда балалардың қауіпсіздігі, тәртібі және құқықбұзушылықтың алдын алу мәселесі аса маңызды. Әрбір ата-ана баласының қайда жүргенін, кіммен араласатынын, бос уақытын қалай өткізетінін қадағалап отырғаны жөн. Себебі көп жағдайда құқықбұзушылықтың алдын алу – ата-ананың назарынан басталады.

Заң бойынша ата-ана баласының тәрбиесі мен мінез-құлқына жауапты екенін еске салғым келеді. Кәмелетке толмағандардың түнгі уақытта заңды өкілінсіз жүруі, сабаққа себепсіз қатыспауы, ұсақ бұзақылық әрекеттері үшін ата-анаға да жауапкершілік жүктеледі. Мұндай жағдайларға жол бермеу – баршамыздың міндетіміз.

Сонымен қатар интернет қауіпсіздігіне де ерекше көңіл бөлулеріңізді сұраймын. Әлеуметтік желілер мен интернеттегі теріс ақпараттар балалардың психологиясы мен мінез-құлқына кері әсерін тигізуі мүмкін. Баламен ашық сөйлесіп, оның мәселесіне бейжай қарамай, сенімді қарым-қатынас орнату өте маңызды.

Біздің мақсатымыз – баланы жазалау емес, оны дұрыс жолға бағыттау, қауіпсіз орта қалыптастыру. Сол үшін мектеп, полиция және ата-ана әрдайым бір бағытта жұмыс істеуі керек.

Сөзімді қорытындылай келе, балаңыздың болашағы – өз қолыңызда екенін ұмытпаңыздар. Бірлесе әрекет етсек, тәртіпті, саналы, заңды құрметтейтін ұрпақ тәрбиелей аламыз.

Назарларыңызға рахмет!

Шешім: Құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында профилактикалық шаралар жүйелі түрде ұйымдастырылсын.

Төраға **Ж.С.Бөкен**

Хатшы **Т.А. Бустанова**

МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫНЫҢ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ МҰНАЙЛЫ АУДАНЫ БОЙЫНША БІЛІМ БӨЛІМІНІҢ «ШОҒЫ МҰҢАЛҰЛЫ АТЫНДАҒЫ №5 ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕП» КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

ХАТТАМА №_5_

10.04.2026 ж. Маңғыстау ауылы

Оқу жылын аяқтауға байланысты ата-аналар жиналысы

Жиналыс төрағасы мектеп директоры: Ж. С.Бөкен
Қатысқандар:
Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары: Т.А.Бустанова;
Сынып жетекшілер: 9,11-сынып жетекшілері
Ата-аналар: 184.

Күн тәртібі:

1. Мектеп түлектерінің оқу жылын аяқтау шараларын ұйымдастыру туралы

Мектеп директоры Ж.С.Бөкен

2. 2025-2026 оқу жылын аяқтау шараларын ұйымдастыру туралы бұйрықпен таныстыру

ДТЖО Т.Бустанова

ТЫҢДАЛДЫ

Жиналысты мектеп директоры Ж.Бөкен ашып, жиналыстың негізгі мақсатын атап өтіп, мектеп түлектерінің оқу жылын аяқтау шараларында бала қауіпсіздігінің маңызды екенін айтты. Ата-аналардың балаларының қауіпсіздігін қамтамасыз етуде белсенді болуы қажеттігін ескертті.

СӨЗ СӨЙЛЕГЕН

ДТЖО Т.А.Бустанова 2025-2026 оқу жылын аяқтау шараларын ұйымдастыру туралы бұйрықпен таныстырып өтті.

Қатаң түрде тыйым салынады:

- Мектеп оқушыларының ата-аналарынан ақша жинаудың барлық түрлеріне, соның ішінде жөндеу жұмыстарын жүргізуге, мерекелік іс-шараларға, мектепте оқыту үшін, қайырымдылық есепшотына мәжбүрлеп ақша жинауға жол берілмейтіндігі;
- Мектеп бітіру, оқу жылын аяқтау салтанатты жиынына, іс-шараларға ақша жинамау керектігі;
- Білім алушылардың ата-аналарынан сыйлық алуға жол берілмеу керектігі.

Мектеп бітіру кештерін ұйымдастыруға тыйым салынады:

- Білім алушылардың ата-аналарынан сыйлық алуға жол берілмеу керектігі.

Мектеп бітіру кештерін ұйымдастыруға тыйым салынады:

- Үйлер мен ресторандарда, басқа да ойын-сауық орындарында мектеп бітіру кештерін өткізу және бітірушілердің автокөліктермен кортежге шығуына жол берілмейтіндігі;
- Табиғат аясына серуендеуге, теңізге түсуіне, кештерді ұйымдастыруға аниматорлар мен мерекелік агенттіктерді, жеке студияларды тартуға тыйым салынатындығы айтылды.

ШЕШІМ ЕТТІ

1. Мектеп бітіру, оқу жылын аяқтау салтанатты жиынына, іс-шараларға ақша жиналмасын.
2. Мектеп бітіру кештерін, табиғат аясына серуендеуге, теңізге түсуіне, үйлер мен ресторандарда, басқа да ойын-сауық орындарында кештерді ұйымдастыруға тыйым салынсын.

Төраға: **Ж. Бөкен**

Хатшы: **Т. Бустанова**